

Н.Б. Денгельбаева¹ А.Атантаева²

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ХХІ ғасыр заманауи технологиялардың, ақпарат ғасыры болғандықтан, еліміздің бүкіл ақпараттың жүйесі, ақпараттық ресурстар мен электронды технологияларды тиімді пайдалану үшін түбегейлі өзгерістерді жасаудың қажеттілігі туындау жөніндегі мәселелері берілген. Біздің тұтынушыларымыз ең озық жабдықтармен және заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Біздің айналамыздағы дүние кеңістік қана болмай, сонымен бірге ақпарат та болып табылады. Ақпараттың адамзат қоғамында маңыздылығы өте ерекше. Ол идеялардың және шешім жасаудың қуатты көзі. Қазіргі кітапханаларға өндіріс шығармаларын, ақпарат бағдарламаларын насихаттау барысында, жаңа технологиялық компьютерді өмір талабына сай өзгертілген түрлерімен ұтымды ұштастыру әрекеттері іздестірілуде және ғаламдық тұрғыда алға қойған мәселелерді дұрыс шешу мен меңгеруге жол ашады. Кітапхана барысындағы дәстүрлі технологиялардың өзгеруі, электронды есептегіш техникаларды қолдану кітапхана қызметкерлерінің психологиялық көзқарасына әсер етеді, олардан дәстүрлі емес қызметтер мен ұйымдастырғыш құрылымдық өзгерістерді қажет етеді.

Қазақстан Республикасы кітапхана ісінің жаңа бағыттағы аспектілерін қалыптастыру мәселелері, ерекшеліктері, әдістері процестері және кітапхана ісінің даму болашағы, инновацияның әрқилы түрлерін іске асыру барысында негізгі міндеттерді шешеді.

Түйін сөздер: модернизация, жаңашылдық, технологиялық инновациялар, сандық кітапхана, виртуалды қызмет, электронды қызмет, электронды каталог, вики – технологиялар, ақпараттық ресурстар, web-технологиялар, web-сайттар, кітапханалық арнайы программалар, желілік қызмет

Dengelbayeva N.B¹, Atantayeva A.²

¹ *Al-farabi Kazakh national university,
Almaty, Kazakhstan*

² *Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

OPPORTUNITIES FOR DEVELOPMENT OF LIBRARIES IN HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article discusses the need for radical changes and innovations for the effective use of all information resources and electronic library technologies of the country, since the XXI century is the century of modern technologies and information. The world around us is not only space, but also information. The importance of information in human society is very special. This is a powerful source of ideas and solutions in promoting industrial work, information programs. Modern libraries are looking for ways to rationally combine new technology with altered forms of life and pave the way for the correct solution and mastery of global problems. Changes in traditional technologies in the library, the use of electronic computers affect the psychological mood of library staff, which requires changing non-traditional services and organizational as well as structural changes, the introduction of automated library information systems. Problem solving, features, methods, processes of formation of new aspects of the library activities of the Republic of Kazakhstan and development prospects, new tasks in the implementation of various types of innovations,

improving the management of library personnel and its information activities in the context of modern development.

Key words: modernization, novelty, technological innovations, digital library, virtual service, electronic service, electronic catalog, wiki - technologies, information resources, web-technologies, web-sites, library programs, network resources, open fund

Н.Б. Денгельбаева¹, А. Амантаева²

*¹Казахский Национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан*

*²Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ БИБЛИОТЕК ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье рассматривается необходимость радикальных изменений и инноваций для эффективного использования всей информационных ресурсов и электронных библиотечных технологий страны, так как XXI век - это век современных технологий и информации. Мир вокруг нас – это не только пространство, но и информация. Важность информации в человеческом обществе очень особенная. Это мощный источник идей и решений в продвижении промышленных работ, информационных програм. Современные библиотеки ищут способы рационально сочетать новую технологию с измененными формами жизни и открывать путь к правильному решению и овладению глобальными проблемами. Изменения традиционных технологий в библиотеке, использование электронных компьютеров влияют на психологический настрой сотрудников библиотеки, что требует изменить не традиционных услуг и организационных также структурных изменений, внедрение автоматизированных библиотечно-информационных систем. Решение проблем, особенности, методы, процессы формирования новых аспектов библиотечной деятельности РК и перспективы развития, новые задачи в реализации различных видов инноваций, улучшение управление библиотечным персоналом и его информационной деятельности в контексте современного развития.

Ключевые слова: модернизация, новизна, технологические инновации, цифровая библиотека, виртуальная служба, электронное обслуживание, электронный каталог, вики – технологии, информационные ресурсы, web-технологии, web-сайты, библиотечные программы, сетевые ресурсы, открытый фонд

Кіріспе. Қазіргі кезде адамдардың өскелең талаптарын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамытуда кітапхананың қосар үлесі зор. Соның ішінде ЖОО кітапханасының алар орны ерекше. Себебі, қазіргі ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы- жас ұрпаққа заман талабына сай білім беруде оқытудың озық технологияларын меңгеру қажеттілігі туындап отыр.

Бүгінгі заман, уақыт талабы еліміздің білімді, саналы, озық-тәжірибелі кәсіби мамандармен қамтамасыз етіп отырған оқу орындарының қазіргі заман талабына сай жастарға сапалы білім мен саналы тәрбиенің жоғары деңгейде берілуін талап етеді. Оқуға ұмтылған әрбір жас-ұрпақтың санасын, дүние-танымын ақпарат арқылы кеңейтіп, жан-жақты білім алуына және белгілі бір мамандық иесі болып шығуына көмектесетін бірден-бір оқу орталығының қайнар көзі – кітапхана [1].

Қазақстанның жоғары оқу орындары – жоғары білікті маман дайындауда XXI ғасыр талаптарына толық жауап беретін, инновациялық технологияларын ендіру, халықаралық деңгейде танылатын жоғары білікті мамандар даярлау, оқыту сапасын арттырудың бірден-бір жолы озық білім беру мен оқытудың инновациялық технологияларын ендіру, шетелдермен интеграциялық байланыста болу және т.б. бағыттарда атқарып жатқан жұмыстары көптеп кездеседі. Осындай міндеттерді жүзеге асыруда ЖОО-ның жетекші құрылымдық бөлімі ретінде - ғылыми кітапхана өзінің әмбебап, көп салалы, дәстүрлі кітаптар және электронды ресурстарымен тұтынушылардың оқу-тәрбие үрдістері мен ғылыми ізденістерін қамтамасыз етуші, ақпараттық білім беру орталығы ретінде зор үлесін қосуда.

Қазіргі заман талабы – білім беру жүйесін ақпараттандыру болғандықтан, жоғары оқу орындары кітапханалары өз қызметіне жаңа ақпараттық технологияларды ендіру арқылы өзіндік электрондық ресурстарын толықтырып қана қоймай, басқа да отандық, әлемдік ақпараттар ресурстарына кіру мүмкіндігін қарастыруда. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығымен *Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана* (РЖОЭК) және Қазақстандық ұлттық электронды кітапханаларымен (ҚазҰЭК) келісім шарттар жасалып, оқу үрдісіне қажетті ақпараттармен алмасады. Барлық жоғары оқу орындары кітапханалары оқырмандары Web- сайт арқылы кітапханаларының электронды каталогтар дерекқорына кіріп, ақпараттық ресурстарын және РЖОЭК (<http://www.rmebrk.kz>), ҚазҰЭК (<http://www.kazneb.kz>) сайттарын пайдалануға мүмкіндіктері бар [2].

Жоғары оқу орындары кітапханалары осындай мол тәжірибе, бай ақпараттық шығармашылығы арқасында кітапхана қызметі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- ақпараттық-кітапханалық процестерді компьютерлеу;
- жоғары оқу орнының профиліне сәйкес электрондық басылымдар қорын қалыптастыру;
- электронды ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- оқырмандарға кітапхананың қазіргі ресурстарын қолдану әдісін үйрету;

- жоғары оқу орындарына қойылатын басты талап - білім алушылардың оқулықтар мен электрондық басылымдар мен нормативке сай (гуманитарлық бағытта - соңғы 5 жыл, техникалық – 10 жыл) қамтамасыз етілуі болып табылатын болса, оқу орны әкімшілігі кітапхана қорының сапалы және толық жабдықталуына аса зор көңіл бөледі.

Жоғары оқу орындары кітапханаларының көпшілігі дерлік *Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана* жүйесіне енген. Электрондық мәліметтерді қабылдай отырып РЖОЭК жүйесіне енген кітапханалар мынандай мүмкіндіктерге ие болады:

1) интернет желісі арқылы «e-Білімгер» порталынан барлық ЖОО ресурстарын қарап, ақпарат алуға;

2) ЖОО өзара оқу әдебиеттерімен, пәндердің оқу-әдістемелік кешенімен, ғылыми мақалаларымен алмасуға;

3) РЖОЭК жүйесін интернет желісі негізінде ЖОО кітап қорымен танысқаннан кейін, қажет оқулықтарын оқуына мүмкіндіктің болуына;

4) магистранттар мен студенттердің ғылыммен айналысуына, диссертация, дипломдық жұмыс жазған уақытта электрондық кітапхана қорымен пайдалануына [3].

2010 жылдан бастап Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының электронды білім беру мен ғылыми ресурстарын біріктіретін *Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханаға* мүмкіндік берілді. Республикалық жоғары оқу орындарына арналған электронды кітапхананы құрудағы басты мақсат – еліміздегі барлық жоғары оқу орындарының электронды оқыту ресурстарын бір ақпараттық жүйеге енгізу арқылы ондағы профессор, оқытушылар мен студенттерді кең әрі озық ақпарат қорымен қамту.

Бұл электронды кітапхана – жоғары оқу орындарының электронды кітапханаларын біріктіру арқылы құрылған біртұтас деректер қоры. Нәтижесінде кез келген студент немесе оқытушы тек өзі оқып жатқан университеттің ғана емес, басқа да оқу орындарының кітапхана қорын пайдалануға мүмкіндік алады, яғни университеттер арасындағы өзара байланыс нығайып, ақпарат алмасу күшейеді.

Сонымен қатар, оқырмандар дәстүрлі каталогтармен қатар электронды каталогты кеңінен қолдана алады. Кітапхана қызметкерлері өз жұмысының бағыты мен мазмұны жағынан, қазіргі кезеңдегі ғылым мен білімді ақпаратпен жедел қамтамасыз етіп отырудың талаптарына сәйкес қызмет етуде.

«Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана» жобасы Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінің атақты жобаларының бірі болып табылады. Жобаға «Ақпараттық теңсіздікті төмендету» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолдау көрсетілуде. Жобаның идеясын ұсынған - Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық кітапханасы. Оның мақсаты – бірегей электронды сақтау қоймасын және электронды кітапхананың Ұлттық каталогын құру.[4].

Соңғы 20 жыл көлемінде кітапханалар 200 жыл бойы еленбеген өзгерістерге тап болды. Бұған себеп – ақпараттық технологиялардың дамуы мына басымдықтармен ерекшеленеді:

- ақпарат іздеудің жоғары жылдамдығы мен халыққа жедел қызмет көрсету,

- басқа кітапханалардың және Интернет ресурстарын пайдалану арқылы ақпарат кеңістігін кеңейту,
- сұраныстарды барынша қанағаттандыру, сәйкесінше тапсырыстардың орындалмау деңгейін барынша төмендету;
- құжаттарды аз шығынмен бірнеше мәрте пайдалану;
- бір құжатты бірнеше пайдаланушылардың қатар пайдалана алуы;
- ақпараттың жаңа түрлерін ұсыну – баспа түрімен қатар, бейне материалдар, мультимедиалық басылымдар, Интернет ресурстары;
- сапалы замануи қызметтерді енгізу және жаңа санаттағы тұрғындарды тарту;
- кітапхананың тиімді дамуы кез келген уақытта ақпаратты шұғыл, сапалы, әрі адамға қолайлы түрде ұсынудың жаңа мүмкіндіктері.

Жылдамдық, шапшаңдық, хабардар болу, электронды сауаттылық – жетістіктің маңызды факторлары. Осындай оң қасиеттерді қамтыған кітапханалар ақпарат пен білімінің нағыз орталығына айналады.

Электрондық танымдық ресурстар және кітапханалар мүмкіндігіне келетін болсақ, алдымен «е-ресурс» деген түсініктің мағынасын ашып алайық. Біріншіден, «е-ресурстар» арнайы перифериялы қондырғысы бар немесе бағдарлы жабдықтауды қажет ететін компьютермен басқарылады. Алдымен web-технология арқылы орындалған баспа басылымдарының сандық көшірмелерін немесе «е-басылымдарды» ажыратып алады. Электрондық ресурстар жергілікті ресурстарға (компакт дискіге, CD немесе DVD- Rom-ға жазылған) және алыстатылған қатынас ресурстарына (ақпараттық торларға енгізілген web-ресурстар, мысалы Интернет) бөлінеді.

Сонымен қатар «е-ресурстар» түсінігіне кей жағдайда көрсетілімнің арнайы бағдарламалары (электронды басылымдармен жұмыс, кітапхананың желілік мүмкіндіктері, интернетке қосылу, желілік ақпараттық агенстваларымен қарым-қатынас орнату, инновациялық-ақпараттық технологиялар енгізу және т.б.) де енеді.

Әлемдік кітапханалар тәжірибесінде басылымдармен жұмыстардың алға қойылғанын көрсетеді. Жекелеген кітапханалар кітапханалардағы құжаттардың сандық жазбаларымен айналысып, оны CD-Rom-ға көшіріп, меншікті басылым ретінде шығарады. Ол шынымен де кітапхананың электрондық ресурсын толықтыруға деген үлкен үлес болар еді. Алайда біздің кітапханалар ондай қызметке дайын ба? деген сұрақ туады. Кітапханаларда заманауи, жылдам, сапалы кітап сканерлері жоқтың қасы. Сонымен қатар, адамдардың түсінігінде сандық құжат, тек қағаздың электронды көшірмесі болмауы керек. Ол - сапалы гипермәтін технологиясы арқасында пайда болған мүмкіндік. Атап айтсақ: тақырыпқа жақын қосымша ақпараттың мәтіні, графигі, фотобейне, анимация, музыкасы мен компьютердің көмегімен интерактивті сілтемемен жасалған видеокөріністердің аса қанықтылығы.

Бүгінде үш сатылы модельдеу негізінде пайда болған е-ресурстар шықты. Сонымен бірге берілген материалды тек тұтыну ғана емес (яғни көшіріп алу), пайдаланушының өзі де құжат құрастыру мүмкіндігін алды. Оған мысал вики-энциклопедиялар [5].

Көпшілікке арналған, «вики» яғни «сайт құруға арналған технология» және «энциклопедия» сөздерінен құралған, көптілді «википедия» – коммерциялық емес сайт. Көпшіліктің қажетіне жұмыс істеп тұрғанына он жыл болды. Мұны 2001 жылы Джимми Уэлс және Лари Сингер интернеттегі анықтамалық сайт ретінде жасақтаған. Содан бері айына 400 миллионға жуық адам кіріп, қажет мәліметті алып отыр. Бұл – интернетке қосылған барлық пайдаланушының үштен бірі. Танымдылығы жөнінен әлемде бесінші орында. Оның алдында тұрған төрт сайтқа сан миллиард қаржы жұмсалып, сан-мыңдаған адам қызмет етеді. Көп корпорациялардың демеуімен жүзеге асырылады. Десе де, олардың тиімділігі айтарлықтай белсенді емес.

Википедияның артықшылығы – ол қоғамдастық орталығы. Оған әркім өз үлесін қоса алады. Халыққа қажетті мәліметтерді енгізуге ниетті жандардың бәрінің құқы да, хақы да бар. Мұнда сақталған әрбір хабар, мағлұматты толықтырып, дамытуға мүмкіндік туғызылған. Рас, күндердің күнінде википедияның ақылы болуы мүмкін. Бірақ, дәл қазір ол басқа әңгіме.

Википедиядағы анықтамалық дүниелер жер шарының ірілі-ұсақты мыңдаған тілдерінде жарияланған. Енді бұл сайт қазақ тілінің бір өрісіне айналуға тиіс. Демек, интернеттегі қазақ тілі одан әрі дамымаса, тоқтамайды. Сондықтан, заманға сай ақпараттық технологияның мүмкіндігі мен артықшылығын пайдалану керек [6].

Кейінгі кезде «компьютерлік оқу материалдары» деген жаңа ұғым пайда болды. Ол барлық электрондық оқулар құралын біріктіреді; компакт дискілер, CD мен DVD, оқу орының web-сайты. Та-

ғы да білім берудің жекелеген салаға арналған web-порталдары, пәндік салалар, толықмәтінді оқу ресурстарын пайдалану web-порталдары енеді. Басқа да ақпараттық және анықтамалық порталдар, толық мәтінді электронды кітапханалар мен арнайы деректер базасы, т.б. электронды ресурстар бар [7].

XXI ғасырдағы қоғамдық өзгерістер, ашық ақпараттық кеңістікке өту, қоғамның ақпараттануы, өркениеттік деңгейге көтерілуі жоғары оқу орындары кітапханаларының да жаңа бағытта жұмыс істеуін талап етеді. Әрбір оқырманның сұранысына орай ЖОО кітапханасында ақпараттық білім беру кеңістігінің құрамдас бөлігі электрондық қорлар, электронды оқулықтар, көркем әдебиеттердің компьютерлік технология қызметі жүйесінде болуы жаңа заманның бәсекеге қабілетті, мәдениетті, рухани жан дүниесі бай нағыз адамды тәрбиелеуде орасан маңызды рөл атқаратыны анық. Білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, оқыту процесін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді және кітапхананың стратегиялық дамуына жол ашады.

Жаңа технологияны меңгеру, оқыту процесіне кітапханалардың қосып жатқан үлесі зор. Барлық кітапханалар қорында электронды оқулықтар, мультимедиялық материалдар, силлабустар бар. Оның бір бөлігін ЖОО ұстаздарының электронды оқулықтары, дәрістерді, силлабустары құрайды. Студенттердің электрондық оқулықтарды кітапханада еркін пайдалануы, ақпараттық мәдениетінің биіктігінің айғағы. Студенттер арасында өткізілетін көпшілік шараларда интерактивті тақта, экран пайдалану барлық оқу орындары кітапханаларында үрдіске айналған. Кітапхананың тұсаукесері, беташары, тақырыптық слайдтар көрсету, бейнефильмдер жасауда кітапханашылардың тәжірибесі мен біліктілігі жеткілікті. Университет табалдырығын жаңа аттаған жас түлектерге мамандықтарын терең, толық білу үшін интерактивті тақтадан күнделікті мамандықтарына байланысты көрсетілетін көрмелер, видеофильмдер кітапхана жұмысындағы ақпараттық технологияның дамып келе жатқанын көрсетеді [8].

Қазіргі заман талабы – білім беру жүйесін ақпараттандыру болғандықтан, жоғары оқу орындары кітапханалары өз қызметіне жаңа ақпараттық технологияларды ендіру арқылы өзіндік электрондық ресурстарын толықтырып қана қоймай, басқа да отандық, әлемдік ақпараттар ресурстарына кіру мүмкіндігін қарастыруда.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығымен *Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана* (РЖОЭК) және Қазақстандық ұлттық электронды кітапханаларымен (ҚазҰЭК) келісім шарттар жасалып, оқу үрдісіне қажетті ақпараттарды алмасады. Барлық жоғары оқу орындары кітапханалары оқырмандары Web-сайт арқылы кітапханаларының электронды каталогтар дерекқорына кіріп, ақпараттық ресурстарын, Республикалық Жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханасы және Қазақстандық ұлттық электронды кітапханасын пайдалануға мүмкіндіктері бар.

Ендеше, қазіргі таңда ақпарат кеңістігі мен оның мүмкіндігі қандай шексіз болса, оған деген сұраныстың да еселей түскендігі дәлелдеуге болады

Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру заманауи білім беру жүйесіне тікелей тәуелді. Жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесінің негізгі құрауыштарының бірі кітапхана мен кітап қоры болып табылады [9].

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін онтайландыру, оқытудың жаңа үш сатылы құрылымын енгізу Болон процесінің талаптарын орындауға жағдай жасайды. Осыған орай ЖОО орны кітапханаларының рөлі артып отыр, өйткені қазақстандық және халықаралық стандарттарға сай келетін жоғары білікті мамандарды дайындап шығару үшін білім беру үдерісін қажетті оқу құралдарымен, ғылыми басылымдармен дәстүрлі әрі электрондық түрде толыққанды қамтамасыз ету керек.

ЖОО-да мамандарды дайындауға қойылған жаңа талаптар сапалы кітап қорын қалыптастыру жөніндегі талаптарға да айтарлықтай әсер ететіні анық.

Кітапхана білім беру мекемелеріндегі ақпараттық жүйенің негізі болғандықтан, кітапхананың маңызды қызметі – ЖОО-ның тиімді қызмет етуіне ықпал ететін оқу және зерттеу қызметіне жан-жақты ақпараттық қолдау көрсету [10,6.91].

ЖОО кітапханасының ерекшелігі оның қызметінің алуан түрлі болуында. ЖОО кітапханасы – бұл оқу кітапханасы ғана емес, сонымен қатар, ғылыми кітапхана, өйткені ол оқу сипатындағы да, ғылыми үдерісті де қамтамасыз етеді. ЖОО кітапханаларының қызметінің басты мақсаты жоғары білім беру жүйесі субъектілерінің ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылатыны белгілі, яғни, бұл топқа білім алып жүрген студенттерде ЖОО қауымдастығында білім беру

қызметімен және ғылыми қызметті жүзеге асыратын оқытушылармен қызметкерлер кіреді. ЖОО кітапханалары аталмыш мақсатты неғұрлым тиімді атқарса, жоғары мектеп жүйесіндегі олардың мәртебесі де соғұрлым жоғары болады. Әрине уақыт талабына орай, ЖОО кітапханаларының алдында әр кезеңде түрлі міндеттер мен оларды жүзеге асыру мүмкіндіктері туындап отырды. Алайда, кітапханалардың қызмет ету барысындағы ең өзекті мәселе – бұл оқу және ғылыми басылымдар арқылы қорды қалыптастыру. Мәселен, қазіргі таңда ЖОО оқытушылары мен студенттердің мүдделерін қамтамасыз етудің тиімділігі мақсатты әрі сапалы түрде кітапхана қорларын жинақтауға тікелей тәуелді болып отыр. Кітапхана қорлары – бұл кітапхана жүйесінің бір бөлігі; олардың құрылуы мен дамуы кітапхана қызметінің басқа құрауыштарымен (пайдаланушыларға қызмет көрсету, қызметкерлерді басқару, кітапхананың материалды-техникалық негізін жаңартумен) тұрақты әрі үздіксіз байланыста болады. Кітап қоры ретке келтірілген құжаттар жиынтығы болып табылатыны мәлім, олар кітапхананың қызметтеріне, сақталу және кітапхана оқырмандарына ұсыну міндеттеріне сәйкес жинақталады [10,6.92].

Бүгінде, кітапхана қорларын қалыптастырудың ұстанымдарын қарастырғанда, кітапхананың барлық үрдістерінің өзара байланыстарына ерекше мән беру керек.

Кітапхана қорларын қалыптастыру процесін жүзеге асыру арқылы, кітапхана қорды толықтыру, өңдеу, есепке алу және орналастыру процестерін жеңілдетеді.

Кітапхана қоры әлеуметтік институт ретіндегі кітапхана қызметінің негізі болып табылады, оның негізгі сипаттамалары қорды толықтыру үдерісінде қалыптасады. Кітапханалар заманауи білім берудің жаңа талаптарына сай болуы тиіс. Ал кітапхана қорын саналы түрде қалыптастырмай, оқырмандарға тиімді қызмет көрсету мүмкін емес.

Жалпы қорды толықтыру, жинақтау қарама-қайшылықтары бар күрделі үдеріс болып саналады. Оны кітапхананың белгілі бір қорын құру мен мамандандырудың нақты бағытталған бағдарламасын (үлгісін) жүзеге асыру бойынша жасалатын іс-шаралар жүйесі деп анықтауға болады. Дәл осындай сипатында толықтыру (жинақтау) үдерісі кітапхананың барлық маңызды қоғамдық қызметтерінің атқарылуын қамтамасыз етеді.

Қорытынды. Ерекше көңіл бөлуді талап ететін мәселелердің бірі – мемлекеттік тілде оқу және ғылыми әдебиеттердің тапшылығы. Мәселен, мемлекеттік тілдегі қазақстандық кітаптар мен әдебиеттерге деген сұраныс толық қанағаттандырылмайды. Қазақстандағы кітап өнімдерінің шығуы туралы ақпарат жүйесі де тиісті деңгейге жетпеген. Сонымен қатар, қазіргі таңда ЖОО кітапханаларында оқулық қорының артуы мен ғылыми әдебиеттер қорының төмендеу үрдісі байқалады [10,6.93].

Мамандықтар мен пәндердің саны артқан сайын оларды оқу әдебиетімен қамтамасыз ету, оқу тақырыптық жоспарларға сай іргелі ғылыми әдебиет қорларын қалыптастыру міндеттері пайда болады. Осыған байланысты, қорды жинақтау қызметкерлерінің ең маңызды міндеті ғылыми және оқу әдебиеттерін алу қажеттілігі туралы ақпарат жинау болып табылады. Қажетті ақпаратты жинау үшін бірқатар дәстүрлі және жаңа тәсілдер бар [85,6.93].

Қорда жоқ құжаттарға талдау жүргізудің маңызды құралдарының бірі оқырмандар сұранысының орындалмау картотекасы (картотека отказов болып) табылады. Қорды толықтыру жинақтау бөлімінің қызметкерлері орындалмаған сұраныстар есебін жүргізеді, оған сұраныстардың тақырыптары мен кітапхана қорында жоқ кітап аталымдары енгізіледі. Орындалмаған сұраныстар картотекасы жөніндегі мәліметтер қорды жинақтау бөліміне кітапхананың қызмет көрсету бөлімдерінен келіп түседі. Әдетте, қызмет көрсету бөлімдерінің қызметкерлері оқырмандардың қажеттіліктерін жақсы біледі: олар сұраныс тақырыптарынан хабардар, кең сұранысқа ие авторлар жөнінде біледі, оқырмандардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін керек құжаттардың қажетті саны жайлы түсініктері бар. ЖОО кітапханасында қорды жинақтаудағы аса маңызды мәселе – заманауи оқу әдебиеті мен ғылыми кітаптарға қойылатын талаптарға сай келетін құнды, мазмұнды әдебиеттерді дұрыс таңдап іріктей білу. Ал бұл істе қорды толықтыру бөліміне кафедралардың мамандары көмектесе алады, сондықтан университет кітапханасына кітаптар мамандардың қарастыруымен және сұранысымен алынады [10,6.94].

Қорды жинақтауды (толықтыру) іске асыру жүйесіне баспалар, ЖОО орнының баспа орталықтары, кітап дүкендері және делдалдық фирмалары да кіреді. Әрбір кітапханаға қорларды толықтыру мақсатында жабдықтаушылармен әрекеттестіктің өзіндік стратегиясы қажет. Бүгінгі күрделі мәселелерге қарамастан, кітапхана қорларын қалыптастыру үшін қажетті жағдайды қамтамасыз ету талпыныстары жасалуда. Кітап шығарылым мен таралымын ұйымдастыру бойынша

мемлекеттік жобалар мен бағдарламалар жасалып жатыр. Мысалы, «Әлеуметтік маңызы бар әдебиеттер», «Мәдени мұра» сияқты мемлекеттік жобалар мен бағдарламалар бойынша көптеген кітаптар шығарылды, олар жаңа түсірілімдер көлемінде толыққанды көрсетіліп отыр. Қазақстанның ЖОО кітапханаларының қорларын қалыптастыруға «Қазақ университеті», «Экономика», «Фолиант», «Бастау» баспалар мен кітап сатушы ұйымдармен тығыз байланыста болғаны жөн. Кітапхананың баспалармен жақсы ұйымдастырылған әріптестік қатынастарына әдебиеттерді сатып алу ережелеріне қатысты жаңа экономикалық талаптар өз түзетулерін енгізді. Бұл – түрлі баға белгіленімдері, барынша тиімді шарттарға негізделген ынтымақтастық тендерлері. Қолайлы жеңілдіктер белгіленген жерге әдебиеттің жеткізілуі, тегін ұсынылатын прайс парақтары, CD-R-дағы электрондық каталогтар – осының бәрі баспадан шыққан кітап өнімдерін алу бойынша келісім жасауға қажет міндетті шарттар болып табылады. Бірақ, кейде бұның бәрі кітапхана қорына кітаптың дәл өзекті болып тұрған уақытында түсінуге кедергі келтіреді. Демек, ақпарат беру, тапсырысты рәсімдеу, әдебиеттерді жеткізу бойынша қызмет көрсетуді дамыту сияқты мәселелерге көңіл бөлінуі тиіс. Жалпы кітапхана қорларын қалыптастыруда сапалы мазмұнға көбірек көңіл бөлу керек, ғылыми және оқу басылымдарының артық даналарын алуды тәжірибеден шығарған жөн, цифрлау үдерісінің (оцифровка), қорды электрондық түрге көшіру үдерісінің белсенділігін арттыру қажет [10,6.95].

ЖОО кітапханаларының желілерін дамыту үдерісі келесі мәселені ескере отырып құрылуда: ақпараттық ресурстарға деген қолжетімділік үшін заманауи технологияларды пайдаланудың келешегі зор нұсқалардың бірі электрондық кітапханалар болып табылады. Электрондық кітапхананың мүмкіндіктері, әсіресе ғылыми, зерттеу және білім беру үдерістерін қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады, өйткені ақпараттық ресурстардың қол жетімділігі, өзектілігі және толыққанды болуы мамандарды сапалы дайындауға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асанова Б.С. ҚР ЖОО-нда кітапханаларында инновациялық-ақпараттық технологиялар негізінде ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету. – Мұғалімдерді инновациялық қызметке даярлау – білім беру сапасының басты шарты://Халық.қ семинар-мәжіліс материалдары (Семей, 2012 ж.) – 2012. 431-435 б.
2. Тусупова, Т.Н. Инновационные технологии в библиотеке [Текст] //Мир библиотеки. - 2010.- №2.- С. 42-44.
3. Емельянов А.Е. Роль центра автоматизированных информационно- библиотечных систем в деятельности библиотеки //Мир библиотеки. - 2011.- №3. - С. 25-27.
4. Мырзалиева Р.Е. Оқу орындарында кітапхана саласынан тренингтер өткізудің іс-тәжірибесі // Мир библиотеки. - 2008. - №3.- 24-26 б.
5. Тусупова Т.Н. Инновационные технологии в библиотеке // Мир библиотеки. - 2010. - № 2. - С.42-44.
6. Емельянов А.Е. Роль центра автоматизированных информационно- библиотечных систем в деятельности библиотеки // Мир библиотеки. - 2011.- № 3.- С. 25-27.
7. Ержанов Н. Электронные библиотеки в Казахстане: Перспективы развития, международ. конф. (Алматы, 2010). Межд. конф. «Социальная экономика в условиях цивилизационных перемен в современном мире: парадигмы и векторы развития»: [Материалы]. – Т. 2. – Алматы: Экономика, 2010. - С. 665-668.
8. Мусабаева Г.К. Библиотечное обслуживание электронными ресурсами // Мир библиотеки. - 2010. - №1. - С. 10 - 11.
9. Опыт работы вузовских библиотек Казахстана Вып. 5/Отв. Ред. Е.Д. Абулкаирова. – Алматы, 2000. – 107 с.
10. Сейітбекова ЖОО кітапхана қорын толықтырудың кейбір мәселелері: «Университет кітапханаларын дамытудың жаңа бағыттары: әлемдік тәжірибелер, мәселелер мен жетістіктер. – 2013»: II халықаралық ғыл. тәж. конференция материалдары (Астана, 25-26 сәуір 2013 ж.) – 2013. – 91-97 б.